



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АШЫҚ ҚОҒАМЫ
ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ
БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**

БЕКІТІЛДІ

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс
Қазақстан техникалық университеті»
Коммерциялық емес акционерлік
қоғамының КЕАҚ
директорларының Кеңесі
30.06.2026жылғы №8 хаттамасы

**«Д. СЕРІКБАЕВ атындағы ШҚТУ» КЕАҚ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

«ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2026

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2026	75 беттің 2-беті

Ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының бабы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығының негізінде әзірленді.

«ШҚТУ» КЕАҚ Директорлар кеңесінде қаралды, 30.06.2026 жылғы №8 хаттама.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2026	75 беттің 3-беті

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	5
2. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар	5
3. Жалпы ереже	5
4. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі	6
5. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі	9
6. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау (бакалавриат)	12
7. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына (бакалавриат) оқуға қабылдау тәртібі	18
8. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына (магистратура) қабылдау және түсу тәртібі	22
9. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына (докторантура) қабылдау және түсу тәртібі	27
10. MBA, EMBA білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау және түсу тәртібі	36
11. Қорытынды ережелер	38
1-қосымша – Бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарына жазбаша келісім	39
2-қосымша – Білім беру қызметін көрсету шарты	40
3-қосымша – SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы	50
4-қосымша – Шығармашылық емтихан өткізілетін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі	55
5-қосымша – Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханды өткізу нысаны	55
6-қосымша – «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	56
7-қосымша – Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін білуді растайтын халықаралық сертификаттың балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратурада КТ шет тілінен тестілеудегі балға түрлендіру шкаласы	60
8-қосымша – GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы	61
9-қосымша – Докторантура білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы	62

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2026	75 беттің 4-беті
10-қосымша – Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейіндік магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы	63
11-қосымша – GMAT стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы	64
12-қосымша – «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	65
13-қосымша – Докторантура білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі	72
14-қосымша – Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы	73
15-қосымша – GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы	74
16-қосымша – Өзгерістерді тіркеу парағы	75

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 5-беті

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы Ереже «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-3 бабының 9) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 21 қазандағы №490 өзгерістерімен) сәйкес әзірленген және «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесін айқындайды.

2. Ереженің талаптары «ШҚТУ» КЕАҚ барлық мектептері үшін міндетті. Ереже «ШҚТУ» КЕАҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады, авторлық құқықпен қорғалған және «ШҚТУ» КЕАҚ-ның жазбаша рұқсатынсыз таратуға, көшіруге, басқа тілдерге аударуға, қайта өңдеуге, жария көрсетуге, көбейтуге тыйым салынады.

2. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

- 1) **«ШҚТУ» КЕАҚ** – «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі- Университет);
- 2) **серіктес** - ЖЖОКБҰ;
- 3) **ҰТО** - ҚР ҒЖБМ "Ұлттық тестілеу орталығы" РМК ШЖҚ;
- 4) **Көрсетілетін қызметті беруші** - көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсететін «ШҚТУ» КЕАҚ және (немесе) «ХАТУ» АҚ
- 5) **көрсетілетін қызметті алушы** – талапкер;
- 6) **ҰБТ** - ұлттық бірыңғай тестілеу;
- 7) **КТ** - кешенді тестілеу;
- 8) **ЭЦҚ** - электрондық цифрлық қолтаңба.

3. Жалпы ережелер

4. «ШҚТУ» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының меншікті қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 6-беті

5. Бакалавриат пен магистратураның бірлескен білім беру бағдарламалары, қос дипломды білім беру бағдарламалары ЖОО аралық келісімдер аясында жүзеге асырылады. Бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін Жазбаша келісім (қосымша 1) рәсімделеді және бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге арналған ұшжақты шарт (қосымша 2) жасалады.

4. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

6. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

Бірлескен білім беру бағдарламасына түсетін тұлғаларға Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың қабылдау талаптары және серіктес жоғары оқу орнының талаптары қойылады. Бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысу үшін іріктеу Университет өткізетін конкурстық негізде жүзеге асырылады. Серіктес жоғары оқу орнына қабылдау университеттер арасындағы екіжақты келісімшартта белгіленген шарттар мен критерийлерге сәйкес жүргізіледі.

Біріккен білім беру бағдарламасына қабылданушылар таңдалған бағдарламаға қатысуға жазбаша келісімдерін ұсынады. Егер қабылданушы кәмелетке толмаған болса, келісімді оның заңды өкілі қол қояды. Бұл құжат оқушының жеке ісінде сақталып, БББ бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарт жасасу кезінде міндетті болып табылады (қосымша 1).

7. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша - кемінде 50 балл жинаған адамдар жіберіледі. Бұл ретте Қазақстан тарихы және ҰБТ екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтиханның бойынша кемінде 5 балл, ал оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық пәндерінен кемінде 3 балл жинау қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 7-беті

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға қолданылмайды.

SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

8. Университетке түсушілер үшін өту балы 50-ді құрайды.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігімен бітірушілерді университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша қабылдау, оқуға түсушілерді ақылы оқуға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы сұхбаттасу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 01.04.2019 жылғы № 134 «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігіне әдістемелік ұсынымдар» бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар адамдарды ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша университетке қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

Жоғары білім кадрларын даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары білімі бар адамдардың университетте оқу ұзақтығы 2 жылды құрайды. Жоғары білімі бар адамдар үшін оқу ұзақтығы тізбесін деканат белгілейтін ББ аясында зерделеу үшін қажетті пәндерді ескере отырып айқындалады (кемінде 3 жыл).

Білім алушының оқу жоспарын (БОЖ) барлық оқу кезеңіне деканат қалыптастырады.

Оқудың барлық кезеңінде күндізгі қысқартылған оқу нысанына түскен білім алушы бірінші жоғары білім және одан кейін алынған екінші жоғары білім, оғанға дейін алған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бойынша бұрын оқытылған пәндер бойынша кредиттерді қайта есептеуді ескере отырып, кемінде 240 академиялық кредитті (жыл ішінде кемінде 60 кредитті) меңгеруі тиіс.

Тиісті мемлекеттік стандарт аясында жоғары білім негізінде күндізгі қысқартылған оқыту нысанына ұсынылатын білім беру қызметтеріне ақы төлеу сомасы 1 академиялық кредит үшін шығындар калькуляциясына сәйкес белгіленеді.

9. Шетел азаматтарын ақылы негізде Университетке қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 8-беті

күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Сұхбаттасу өткізу қорытындылары белгіленген нысанда комиссияның хаттамасымен хатталады және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына Комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды. Хаттама әрбір түсушіге жеке хатталады және оның жеке ісіне хаттаманың көшірмесі тігіледі.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 396 «Білім алу мақсатында келген көшіп келушілердің тұруына, сондай-ақ оқуына ақы төлеу үшін қажетті өзінің төлем қабілеттілігінің растамасын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының негізінде оқуға түсуші шетел азаматтары университеттің қабылдау комиссиясына ағымдағы банктік шоттың жай-күйі туралы анықтама береді.

Осы Қағидалар этникалық қазақ болып табылатын көшіп келушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде келген тұлғаларға қолданылмайды.

Университет ағымдағы банктік шоттың жай-күйі туралы анықтама алған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасайды. Шетел азаматының ағымдағы шотында қаражат жеткіліксіз болған жағдайда білім беру ұйымы шарт жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ағымдағы банктік шоттың жай-күйі туралы анықтамада көрсетілген оқуға және тұруға арналған төлем сомасы оқудың және студенттік жатақханада тұрудың бір жылы үшін төлем құнынан кем емес мөлшерде белгіленеді.

10. Мерзімді әскери борышын өтеген жалпы орта білімі бар азаматтарды университетке ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиясы өткізген сұхбаттасу нәтижелері бойынша әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, міндетті әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде қысқартылған даярлауды көздейтін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. күнтізбелік жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін сұхбаттасу. Бұл ретте әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Сұхбаттасу өткізу қорытындылары белгіленген нысанда комиссияның хаттамасымен хатталады және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына Комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 9-беті

мүшелер қол қояды. Хаттама әрбір түсушіге жеке хатталады және оның жеке ісіне хаттаманың көшірмесі тігіледі.

11. Университетке түсетін тұлғаларды қабылдау олардың өтініштері бойынша белгіленген үлгідегі сертификат балдарына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

12. Басқарма төрағасы - Университет ректорының шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына проректорлар,

Университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы Басқарма Төрағасы – Университет ректоры болып табылады. Басқарма Төрағасы – Университет ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады. Дауыстар тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

13. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

14. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма Төрағасы – Университет ректорының шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына Университет өкілдері оның ішінде, профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Шығармашылық емтихандарды өткізу осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар шығармашылық емтихандар тапсыру үшін Университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 10-беті

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлінұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТсертификаты (бар болса);

16. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау өздері таңдаған Университетте күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 10 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 07-15 тамыз аралығында өткізіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау университеттің қабылдау комиссиясында күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 6 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-15 шілде аралығында өткізіледі.

17. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламалары тобына ақылы негізде Университетке түсетіндерден басқа, республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен түсетін тұлғалар таңдаған Университетінде шығармашылық емтихандар тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін Қазақстан Республикасының азаматтары бболып табылмайтын ұлты қазақ адамдардан басқа, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

18. Шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын Университет әзірлейді және Университет қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

19. Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні,

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 11-беті

уақыты, емтихан тапсыру орны, кеңес беру) қабылдау комиссиясының төрағасы – Басқарма төрағасы – Университет ректоры - бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және ресми интернет-ресурсында жарияланады.

20. Оқуға түсуші шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

21. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

22. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

23. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

24. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

25. Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, Университетке ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

26. Емтихандарды өткізу кезеңіне шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Басқарма Төрағасы – Университет ректорының бұйрығымен төрағаны қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

27. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 12-беті

дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

29. Университеттің қабылдау комиссиясы республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде Университетке оқуға қабылдау үшін шығармашылық емтиханның қорытындысын шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

6. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау (бакалавриат)

30. Білім беру гранттары білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті бере отырып, үміткерлер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтардың реті бойынша ҰБТ сертификатының балдарына сәйкес нақты ББТ бойынша конкурстық негізде беріледі.

Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда, үміткер шығармашылық дайындықты қажет ететін ББТ-ға түсетіндерді қоспағанда, төрт ББТ-қа дейін көрсете алады.

31. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға үміткерлер ҰТО сайтында электронды форматта өтініш береді.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініштер 13-20 шілде аралығында қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін өтініште көрсетілген деректерді растау үшін құжаттардың түпнұсқасымен Университетке келу керек.

Университет мемлекеттік білім беру грантын беру саласындағы заңнама талаптарына сәйкес түсушінің өтінішінде көрсетілген барлық деректердің түпнұсқалығы мен дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады. Университеттің өтініш берушінің деректерін растауы конкурсқа қатысуға өтінімді қарау үшін негіз болып табылады.

Университет растағаннан кейін, ол түпкілікті өтінішті ҰТО ақпараттық жүйесінде тіркейді немесе қабылдамайды.

Өтініш берушілер өздерінің жеке кабинетінде өтініштің күйін бақылай алады.

Өтініш университет тарапынан «қабылданбаған» болса, талапкер өтінішті жаңарту немесе ауыстыру үшін университетке қайта өтініш беруі керек.

32. Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ағымдағы жылдың 10 мамыры мен 10 шілдесі аралығында өткен ҰБТ сертификаты болуы тиіс.

Бұл ретте ҰБТ тапсыруға екі рет әрекет жасаған талапкер тестілеудің ең жоғары нәтижесі бар сертификатты (әртүрлі бірегей нөмірлері бар ҰБТ сертификатын) таңдауға құқылы.

33. 2026-2027 оқу жылының ағымдағы жылғы түлектері, халық тығыз

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 13-беті

орналасқан және батыс және жаңадан құрылған өңірлердің жастары үшін жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы конкурсына қатысу үшін ағымдағы жылдың 10 мамыры мен 10 шілдесі аралығында өткен ҰБТ сертификаты болуы керек (ең жақсы нәтижемен).

Ағымдағы жылғы талапкер-түлек өтініш берген кезде білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш беру тәртібінде көрсетеді:

- 1) төрт білім беру бағдарламалар тобы;
- 2) әрбір ББТ үшін төрт түрлі аймақты көрсетеді.

Өтініш беруші өзі таңдаған ББТ мемлекеттік тапсырысы орналастырылған аймақтағы жоғары оқу орындарының толық тізімін алады.

Ұсынылған тізімде үміткер оқуды қалайтын ЖЖОКБҰ басымдығын көрсетеді, оларды кему ретімен орналастырады. Бұл ретте жоғары оқу орындарының саны шектелмейді.

Ауыл жастары арасынан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін квота белгіленген білім беру бағдарламалары топтарына конкурс мынадай тәртіпте өткізіледі: білім беру бағдарламаларының осы топтары бойынша гранттардың жалпы санының 65%-ы жалпы конкурс арқылы ал қалған 35% грантқа ауыл жастары арасынан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ғана конкурс беріледі.

Байқау нәтижелері бойынша үміткерге ҰБТ баллдарына, артықшылықтарына, ББТ, аймақ және ЖЖОКБҰ таңдауына сәйкес білім беру гранты тағайындалады.

34. Білім беру грантын алуға конкурс өткізу кезінде баллдар тең болған жағдайда басым құқық келесі кезекте болады:

- 1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;
- 2) отансүйгіштігі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекше марапатталған тұлғалар;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар;

4) соңғы үш жылдағы жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), халықаралық және республикалық орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), олардың тізімін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді, сондай-ақ таңдаған мамандығының олимпиада, конкурс немесе спорттық жарыс пәніне сәйкестігіне қарай ағымдағы оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған);

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 14-беті

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.

35. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысатын талапкерлердің келесі санаттары үшін мемлекеттік тапсырыстың бекітілген көлемінен ЖЖОКБҰ -ға қабылдауға келесі квоталар белгіленеді («Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығы):

– *бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар – 1 пайыз;*

Осы санаттағы адамдар үшін 075/е нысаны бойынша (№ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген) өздері таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы көрсетілген медициналық анықтаманы ұсыну талап етіледі.

Мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам; («Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы).

Организм функцияларының бұзылуы мен тіршілік-тынысының, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелуі дәрежесіне қарай мүгедектігі бар адамдар деп танылған адамға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік, жеті жасқа дейінгі адамға «*мүгедектігі бар бала*» санаты, ал жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі адамға «*бірінші топтағы мүгедектігі бар бала*», «*екінші топтағы мүгедектігі бар бала*», «*үшінші топтағы мүгедектігі бар бала*» санаттары белгіленеді,

– *басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс іс-әрекеттерінің ардагерлері, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлер – 0,5 пайыз;*

Осы санатқа теңестірілген адамдар:

1) «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 322-VI Заңының 4-6-баптарында көрсетілген, жарақаттану, контузия алу немесе бұрынғы КСРО-ны қорғау, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызметтік міндеттерін) орындау немесе майданда болуына байланысты ауруға

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 15-беті

шалдығу салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын қызметкерлердің отбасылары;

2) басшы және қатардағы адамдар қоғамға қарсы көріністермен байланысты төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігі, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери оқуына шақырылған әскери қызметшілерінің отбасылары;

3) Ауғанстандағы немесе ұрыс іс-қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс іс-қимылдары кезеңінде жарақат алу, контузия алу, жарақат алу, ауру алу салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

4) бейбіт уақытта әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;

5) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және басқа да радиациялық апаттардың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

6) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және басқа да радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери нысандар және ядролық сынақтардағы апаттар салдарынан белгіленген тәртіпте сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, азаматтардың отбасылары;

- ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ауыл жастары арасынан шыққан азаматтарға – 35 пайыз;

Өтініш берушінің «ауыл» мәртебесі өтініш берушінің мектебінің және/немесе колледжінің орналасқан жері бойынша анықталады. Бұл ретте ҰБТ-ға өтінішті қабылдау кезінде ағымдағы жылғы мектеп түлектерінің оқу орны ҰБДҚ бойынша тексерілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес он төрт пен отыз бес жас аралығындағы тұлғалар жастар болып табылады.

– Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға – 4 пайыз;

– жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе қамқорлығынсыз қалған жастар арасынан Қазақстан Республикасының азаматтарына – 1 пайыз;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «жетім бала» және «ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала» деген екі мәртебе белгіленген. Жетім бала – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала - ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 16-беті

айырылуына, ата-анасының хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (ой қабілеттілігі шектеулі) деп танылуына байланысты жалғызбасты немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған немесе бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу, ата-ананың баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтару, оның ішінде ата-анасы баласын білім беру немесе емдеу мекемесінен алудан бас тартқан кезде, сондай-ақ басқа жағдайлардағы ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала;

– *Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге ауыл жастары арасынан қоныс аударатын Қазақстан Республикасының азаматтарына – 5 пайыз.*

Осы квота аясында білім беру грантын тағайындау конкурсына Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Маңғыстау облыстары мен Шымкент қаласының ауылдық елді мекендердегі білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар қатыса алады;

– *төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасы балалары - 5 пайыз;*

– *қайтыс болуына байланысты ата-анасының біреуі жоқ балаларды қоспағанда, кемінде үш жыл осындай мәртебеге ие толық емес отбасылардан шыққан балалар (осы санат үшін ата-анасының біреуінің қайтыс болған күніне қарамастан мәртебе айқындалады) – 1 пайыз;*

– *бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасы балалары, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер - 1 пайыз.*

Көрсетілген қабылдау квоталары ауылдық квотадан басқа талапкерлер мәлімдеген білім беру бағдарламаларының барлық топтарына қолданылады.

36. Жеңілдіктері бар үміткерлер тиісті растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда ғана арнайы бөлінген секторды толтырады:

– *I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар Қазақстан Республикасының Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық департаменті (бұрынғы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті) берген мүгедектік туралы анықтаманың (медициналық-әлеуметтік сараптама) көшірмесін тапсыруы тиіс;*

– *жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар:*

1) жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар белгіленген үлгідегі куәлік немесе зейнетақы куәлігі;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс іс-қимылдарына қатысқанын растайтын әскери комиссариаттың анықтамалары, белгіленген үлгідегі анықтама немесе басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс іс-қимылдарына қатысқаны туралы белгісі бар әскери билет, Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсету жөніндегі жұмысты растайтын құжат және жараланғанын, снарядтың соғылуын, зақымдануын, контузияны растайтын медициналық құжаттар, ұрыс іс-қимылдарына қатысқаны үшін бұрынғы КСРО ордендері мен медальдарына

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 17-беті

куәліктер;

3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың немесе азаматтық немесе әскери объектілердегі өзге де радиациялық апаттар мен қирау зардаптарын жоюға қатысқанын растайтын құжат, ядролық сынақтар мен оқу-жаттығуларға тікелей қатысу немесе әскери немесе азаматтық объектілердегі радиациялық апаттар мен қирауды жоюға қатысу, ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттың немесе Төтенше жағдайлар министрлігінің анықтамасы;

– *Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар:*

1) әскери қызметкерлер қатарынан мүгедектігі туралы анықтама (жәрдемақы алуға құқығы туралы Кеңес Армиясының мүгедегі, жарақат, контузия, мүгедектігі туралы анықтама, соғыс іс-қимылдарына қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттан анықтама немесе жәрдемақы алу құқығы туралы белгісі бар зейнетақы куәлігі;

2) жарақат, контузия, майып болу, мүгедектік туралы белгіленген үлгідегі анықтама, ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті анықтамасы немесе жәрдемақы алу құқығы туралы белгісі бар зейнетақы куәлігі; жарақат, контузия, дене жарақаты, мүгедектік туралы белгіленген үлгідегі анықтама, соғыс іс-қимылдарына қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттан анықтама немесе жәрдемақы алу құқығы туралы белгісі бар зейнетақы куәлігі;

3) жарақаттану, контузия, майыптық, мүгедектік туралы белгіленген үлгідегі анықтама, басқа мемлекеттердің іскерлік әскери контингенттерін өткеру нәтижесінде тиісті санатты және мүгедектікті растайтын құжат немесе жеңілдіктер алу құқығы туралы белгісі бар зейнетақы куәлігі;

4) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің Чернобыль атом электр станциясындағы апатты немесе өзге де радиациялық апаттарды және азаматтық немесе әскери саладағы аварияларды жоюға байланысты мүгедектік туралы белгіленген үлгідегі анықтама, объектілер, ядролық қаруды сынау немесе аурудың радиациялық әсермен себептік байланысын анықтау жөніндегі Орталық ведомстволық кеңестің қорытындысы;

– *ата-анасының екеуі немесе жалғыз ата-анасы қайтыс болған жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының екеуі немесе жалғыз ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарынан Қазақстан Республикасының азаматтары Конкурсқа қатысуға өтініш берген кезде төменде көрсетілген құжаттардың бірін ұсынуы керек:*

1) ата-анасының екеуі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің немесе ата-анасының жоқтығын растайтын басқа да құжаттардың (соттың ата-ана құқығынан айыру, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кеткен деп тану, қайтыс болды деп тану, әрекетке қабілетсіз (әрекетке қабілетсіз) деп тану туралы) көшірмесі;

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 18-беті

2) баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шарттың көшірмесі;

3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар мен балаларға арналған мекемеде болу фактісін растайтын анықтама;

– *Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар:*

1) шетел азаматының ұлты «қазақ» екенін растайтын жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Жоғары білім бойынша білім грантының иегерлерінің тізімдері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Грант иегері жоғары оқу орнына қабылданғанға дейін білім беру грантынан бас тартқан жағдайда, талапкердің куәлігі мен өтініші ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға тапсырылады.

7. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібі (бакалавриат)

37. Университеттің интернет-ресурсында республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын орналастырумен, сондай-ақ бір студентке (бакалаврға) өтемді негізде және басқа қаражат көздерінен оқу ақысының бағасы 1-ші курсқа арналған шығындарды толық өтей отырып студенттер контингенті құрылады.

38. Студенттер санына үміткерлерді қабылдау ББТ тиісті нақты білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

39. Өз қаражаты және басқа да қаражат көздері есебінен ақылы оқуға түсу үшін талапкердің қаңтар, наурыз, мамыр-шілде немесе тамыз айларында өткен ҰБТ ағымдағы сертификаттарының біреуі болуы керек. Қаңтар, наурыз, мамыр-шілде, тамыз айла-рында өткізілген ҰБТ сертификаттары алдыңғы немесе кейінгі ҰБТ-ға қарамастан ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

40. Университет ҰБТ электрондық сертификаттары мен білім беру грантын тағайындау туралы сертификаттарды ҰТО ақпараттық жүйесінде және Қазақстан Республикасы БҒЖБ министрлігінің бұйрығымен тексереді.

41. Шығармашылық емтихандар белгіленетін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау осы емтихандар бойынша жинаған балдарды ескере отырып жүзеге асырылады.

42. Университетке қабылдау ағымдағы жылдың 20 маусымнан бастап 25 тамызына дейін жоғары білім беру бағдарламалары мен тіл бөлімі бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражатынан, немесе ақылы негізде талапкерді Университеттің студенттері қатарына қабылдау туралы Басқарма төрағасы – Университет ректорының немесе оның міндетун атқаратын тұлғаның бұйрығымен жүзеге асырылады.

43. Оқуға түсушілер Университеттің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішке қоса береді:

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 19-беті

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі туралы құжат (түпнұсқа);

2) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа, көшірмесі және PDF форматындағы электрондық нұсқа);

3) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі электрондық фотосурет;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама немесе қағаз жеткізгіште;

5) ҰБТ сертификаты (электрондық);

6) ведомостан үзінді көшірмесі (шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламасына оқуға түсушілер үшін);

7) білім беру грантының тағайындалғаны туралы куәлік (электрондық) (болған жағдайда).

I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық берілгенін растайтын құжаттар мен квотаны қосымша береді.

Жеке істі жасау үшін келесі құжаттарды салу керек:

1) Оқуға қабылдануға өтініш (бакалавриат);

2) Қабылдау туралы бұйрықтың үзіндісі;

3) Оқуға түсетін шетел азаматымен сұхбаттасу хаттамасының үзіндісі;

4) Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт;

5) Шетелдік азаматтарға білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт;

6) Мемлекеттік білім беру гранты (тапсырысы)/жергілікті өзін-өзі басқарудың гранты негізінде білім беру қызметтерін көрсетуге шарт;

7) №063 медициналық анықтаманың көшірмесі (толық оқу мерзімі);

8) B073 «Сәулет» ББТ-ға оқуға түсушілерге арналған жазбаша емтихан жұмысы;

9) сақтауға құжаттарды қабылдау туралы қолхат.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар қосымша мынадай құжаттардың бірін тапсыруға болады:

1) еңбек кітапшасының көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін ұсынылады);

2) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен (ол болған кезде) расталған

бағдарламалары бойынша докторантураға қабылдау кезінде басымдықты шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттың ең жоғары балы бар тұлғалар алады. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар /дипломдар ескеріледі.

90. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға күнтізбелік жылғы 15 қазанға дейін қайтарылады.

91. Университет 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағының 11-тарамақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпараттың енгізілуін қамтамасыз етеді (12-қосымша).

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қабылдау комиссиясының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Басқарма төрағасының – университет ректорының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес Университетке түскен өтініш берушінің шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен өтініш берушінің шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда өтініш беруші сотқа жүгінеді.

92. Университет Қазақстан Республикасы ҚЖБМ 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу туралы қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

10. MBA, EMBA білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау және түсу тәртібі

93. MBA, EMBA бағдарламаларына қабылдау жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 37-беті

қабылдаудың үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.).

94. MBA, EMBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдауды Университет дербес жүзеге асырады.

95. Қабылдау емтихандарын, сұхбаттасуді және MBA, EMBA білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау мерзімдерін Университет өзі белгілейді.

96. MBA, EMBA бағдарламалары бойынша білім алу ақылы негізде жүзеге асырылады.

97. MBA, EMBA бағдарламалары бойынша оқыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

98. MBA, EMBA бағдарламаларына қабылдау жылына екі рет – тамыз, қаңтарда жүргізіледі.

99. MBA, EMBA бағдарламасына қабылдау жылына екі рет, оқуға түсу күнтізбелік жылдың тамыз, қаңтар айларында жүргізіледі.

100. MBA (2 ж.о.) және EMBA (1 ж.о.) бағдарламаларына өтініштерді қабылдау 1 шілдеден 25 тамызға дейін, 1 қарашадан 30 желтоқсанға дейін жүргізіледі.

101. MBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуға «бакалавр» академиялық дәрежесі бар тұлғалар немесе кемінде 2 жыл практикалық жұмыс өтілі бар маман қабылданады.

102. EMBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуға «бакалавр» академиялық дәрежесі немесе басқарушылық қызмет өтілі 5 жылдан кем емес маман қабылданады.

103. Шетел азаматтары MBA, EMBA бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық шарттарда, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

104. MBA, EMBA білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар Университетке келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ұйым басшысының атына өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде және нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі электрондық фотосурет;
- 5) 075-У нысанындағы медициналық анықтама;

Құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін түпнұсқа ұсынылады. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылады.

105. Шет тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетел азаматтары ұсынған құжаттар белгіленген тәртіппен нострификациялануға тиіс.

106. MBA, EMBA бағдарламаларына түсетін үміткерлер сұхбаттасудан өтеді.

107. MBA, EMBA бағдарламаларына оқуға қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясының шешімі негізінде Басқарма төрағасының – ректордың бұйрығымен

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е 051-VI-2024	75 беттің 38-беті

жүзеге асырылады.

108. Білім алушылар қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 28 тамызына, 10 қаңтарына дейін жүзеге асырады.

11 Қорытынды ережелер

109. Оқу жылына Университетке оқуға қабылдау ережесін жаңарту Университеттің ҚК басшысымен жүзеге асырады.

110. Осы Ереже «ШҚТУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады және оны Басқарма төрағасы – ректор бекітеді.

111. Осы Ереже бекітілген кезден бастап күшіне енеді және олар жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады, бірақ 1 жылдан аспайды.

112. Қажет болған жағдайда Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 39-беті

1-қосымша

Бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарына ЖАЗБАША КЕЛІСІМ

Өскемен қ.

«__» _____ 20__ ж.

Мен, _____ (білім алушының Т.А.Ө.),
жеке куәлік / төлқұжат № _____, берілген _____,
мекенжайы бойынша тіркелген: _____,
бұдан әрі «Білім алушы» деп аталатын тұлға, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы (ШҚТУ) мен серіктес ЖЖОКБҰ-ның атауы бірлесіп жүзеге асыратын
БББ атауы бойынша бірлескен білім беру бағдарламасын (БББ) іске асыру шарттарымен келісетінімді растаймын
және оқу процесі шеңберінде белгіленген ережелерді сақтауға міндеттенемін.

Білім алушының қолы:

(Т.А.Ө.)

ШҚТУ өкілінің қолы:

(Т.А.Ө., лауазымы)

Күні: _____ 20__ ж.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 40-беті

2-қосымша

Білім беру қызметін көрсету ШАРТЫ (оқу шарты) №

Өскемен қ.

« » _____ 202_ ж.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, мнан былай «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ деп аталатын (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген 2025 жылғы 22 мамырдағы № KZ09LAM00003723 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия), қолданыстағы Жарғы негізінде іс-әрекет етуші басқарма төрағасы-ректор Рахметуллина Сауле Жадыгеровна тұлғасында, бір тараптан, және серіктес ЖЖОКБҰ атауы _____ деп аталатын, ректор _____ тұлғасында екінші тараптан, әрі қарай азамат _____ «Білім алушы» деп аталып, үшінші тараптан, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және ____ жылғы № ____ бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру туралы шартты басшылыққа ала отырып, осы бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге арналған осы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегідей етіп жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Білім алушы міндеттеледі, ал «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ бірлескен білім беру бағдарламасын (атауы) білім беру бағдарламалары тобы (атауы) бойынша (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру аясында Білім алушы қорытынды аттестацияны сәтті өткен жағдайда, «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ өзінің үлгісі бойынша білім беру туралы диплом берумен білім беру қызметтерін көрсетеді.

күндізгі оқу нысанын бітіргеннен кейін белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жеке үлгідегі білім туралы құжатты бере отырып, мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алушының оқу үрдісін ұйымдастыру туралы.

1.2. «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ бағдарламасы бойынша білім беру қызметтерін қаржыландыру көзі – мемлекеттік білім беру тапсырысы қаражатынан республикалық бюджет, сондай-ақ ақылы білім беру қызметтері болып табылады. Серіктес жоғары оқу орнының (ОВПО) қаржыландыру көзі – Оқушының жеке қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер болып табылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

2.1. «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ міндеттенеді:

1) Білім алушыны Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ бекіткен және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келетін Бағдарлама бойынша оқуға қабылдау;

2) Білім алушыны «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-тың Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиямен, білім алушыларға арналған ішкі тәртіп қағидаларымен, сондай-ақ білім беру ұйымына қабылдау тәртібін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілермен және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қатысты негізгі құжаттармен таныстыру;

3) Білім алушыны Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес даярлауды қамтамасыз ету;

4) Білім алушыға қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен оқу жүктемесін және сабақ кестесін айқындау, сондай-ақ оқу үшін қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау;

5) Білім алушыны «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ-тың кітапханасының ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізу және пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 41-беті

оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

6) Білім алушыға оқу бағдарламасы аясындағы тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін ұсыну – бұл «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ белгілеген тәртіп пен шарттарға сәйкес жүзеге асырылады;

7) Білім алушының кәсіби тәжірибеден өтуін оқу жоспарына сәйкес ұйымдастыру, бұл жоспар «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ тарапынан бекітіледі;

8) Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы заңнамасына, сондай-ақ «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ пен серіктес ЖЖОКБҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, Білім алушыны өтініші негізінде оқудан шығару және қайта қабылдау;

9) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі белгілеген тәртіппен, Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына ауыстыру;

10) Білім алушының келісімінсіз және оқу процесіне зиян келтіретіндей қоғамдық немесе басқа да тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу.

11) Білім алушыға ерікті түрде «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ мен серіктес ЖЖОКБҰ-ның ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірге қатысу мүмкіндігін ұсыну;

12) оқу бағдарламасының толық курсын сәтті аяқтап, қорытынды аттестация нәтижелері бойынша Білім алушыға Бакалавр дәрежесін беру және «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ үлгісіндегі білім туралы құжатты тапсыру;

13) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ заңды тұлға ретінде таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда, Білім алушының оқу жылын басқа білім беру ұйымдарында аяқтауы үшін шаралар қабылдау;

14) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ жас мамандарды жеке бөлу жөніндегі Комиссиясының шешімімен Білім алушыны әрі қарай жұмысқа орналастыру және еңбек өтеуге жолдау, бұл ретте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет ету;

15) Бағдарламаны іске асыру шеңберінде Білім алушыны оқу өтуі үшін серіктес ЖЖОКБҰ-ға жолдау;

16) серіктес ЖЖОКБҰ берген транскрипттермен расталған пәндерді қайта есепке қабылдау;

17) жедел өзара әрекеттесу үшін «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ тарапынан координатор тағайындау.

2.2 Серіктес ЖЖОКБҰ міндеттенеді:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келетін Бағдарлама бойынша Білім алушыны оқуға қабылдау;

2) Бағдарламаны іске асыру аясында бекітілген пәндер тізбесіне сәйкес білім беру қызметтерін көрсету;

3) Бағдарламаны іске асыруға қажетті жағдайларды, соның ішінде оқу ресурстары мен тұрмыстық қолдауды қамтамасыз ету;

4) пәндерді қайта есепке алу үшін Білім алушыға транскрипттер беру;

5) қажет болған жағдайда, Бағдарламаның жаңартылуын «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-мен келісу;

6) пәндердің сапасын бақылау жүйесін «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-мен бірлесе отырып қолдау және енгізу;

7) студенттерді сүйемелдеу және тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін координатор тағайындау;

8) мүмкіндігі болған жағдайда, Білім алушыны жатақханадан орынмен қамтамасыз ету.

9) Білім алушыны «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-ның Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясымен, білім алушыларға арналған ішкі тәртіп ережелерімен және білім беру ұйымына қабылдау тәртібін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға байланысты негізгі құжаттармен таныстыру;

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 42-беті

10) Білім алушыны Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес даярлауды қамтамасыз ету;

11) Қолданыстағы нормативтерге сәйкес, білім алушыға арналған оқу жүктемесінің көлемі мен сабақ кестесін (үзілістерімен қоса) белгілеу, білім алушыға оқу үшін қолайлы, қауіпсіз және денсаулыққа зиянсыз жағдай жасау.

12) Білім алушының кітапханасының ақпараттық ресурстарын еркін пайдалануына, сондай-ақ оқу әдебиеттері, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне жағдай жасау;

13) Білім алушының оқу бағдарламалары аясындағы тапсырмаларды орындауы үшін компьютерлік техниканы КеАҚ «ШҚТУ» және серіктес ЖЖОКБҰ тарапынан белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес пайдалануға мүмкіндік беру;

14) КеАҚ «ШҚТУ» және серіктес ЖЖОКБҰ тарапынан бекітілген оқу жоспарына сәйкес білім алушының кәсіби практикадан өтуін ұйымдастыру;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және КеАҚ «ШҚТУ»-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, білім алушының өтініші бойынша оны оқудан шығару және қайта қалпына келтіруді жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі белгілеген тәртіпке сәйкес, білім алушыны өтінішінің негізінде бір білім беру бағдарламасынан екіншіге, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына ауыстыру;

17) Білім алушының келісімінсіз және оқу процесіне зиян келтіретіндей қоғамдық немесе басқа да тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;

18) Білім алушыға ерікті негізде ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірге қатысу мүмкіндігін ұсыну.

2.3. «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ келесі құқықтарға ие:

1) Білім алушыдан осы Шарттың талаптарын және «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-ның ішкі тәртіп ережелерін адал және тиісті түрде орындауын, оқу тәртібін сақтауын, оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа білім алушыларға сыпайы және құрметпен қарауын талап ету;

2) Білім алушы тарапынан оқу тәртібінің, осы Шарттың, ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуы жағдайында оған тәртіптік жаза қолдану;

3) Білім алушыдан «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ мүлкіне ұқыпты қарауын, компьютерлік және басқа техникалармен жұмыс істеу ережелерін сақтауын талап ету. Егер Білім алушының әрекетінен материалдық зиян келтірілсе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен келтірілген шығынды өтеуді талап ету;

4) Білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін марапаттау және көтермелеу;

5) Білім алушының оқу бағдарламасы бойынша үлгермеушілігі жағдайында оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқу жылының қайталауына қалдыру;

6) Білім алушы жазғы семестрге тіркелу барысында сол оқу жылына бекітілген бағалар преysкурантына сәйкес, Бағдарлама бойынша бір кредиттің құны негізінде академиялық қарыз кредиттері үшін төлем жүргізуге міндетті;

7) Академиялық қарызы бар және «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-дағы жазғы семестр мен қосымша сабақтарды ұйымдастыру туралы Ережеге» сәйкес жазғы семестрге кредиттік төлем жасаған, бірақ сол кредиттерді меңгермеген, сондай-ақ қорытынды білім бақылауынан өтпеген Білім алушыға төленген қаражат қайтарылмайды;

8) Білім алушыны оқу процесіне зиян келтірмей, ерікті түрде «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-да тазалық пен тәртіпті сақтау, қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық келісімді тәрбиелеу, ЖОО имиджін арттыруға бағытталған қоғамдық және тәрбие жұмыстарына қатыстыру;

9) Келесі жағдайларда Шартты біржақты түрде бұзу: «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-да бакалаврларды даярлау бойынша құжатталған рәсім талаптарын орындамау, Жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін бұзу, Академиялық адалдық принциптерін бұзу, Осы Шарттың шарттарын бұзу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

2.4. Серіктес ЖЖОКБҰ келесі құқықтарға ие:

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 43-беті

1) Білім алушыдан осы Шарттың талаптары мен ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерін адал және тиісті түрде орындауын, оқу тәртібін сақтауын, оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа білім алушыларға сыпайы әрі құрметпен қарауын талап ету;

2) Білім алушы тарапынан оқу тәртібінің, осы Шарттың және ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуы жағдайында тәртіптік жаза қолдану;

3) Білім алушыдан серіктес ЖЖОКБҰ мүлкіне ұқыпты қарауын, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу ережелерін сақтауын талап ету. Егер Білім алушының әрекетінен материалдық зиян келтірілсе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтірілген шығынды өтеуді талап ету;

4) Білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін марапаттау және көтермелеу;

5) Білім алушы Бағдарлама бойынша үлгермеген жағдайда, білім беру тарапы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және жоғары білім беру саласындағы халықаралық шарттар мен конвенцияларда бекітілген Қайта оқу ережелеріне сәйкес әрекет етеді;

6) Білім алушы жазғы семестрге тіркелу кезінде сол оқу жылына бекітілген преискурент бойынша Бағдарлама аясындағы бір кредиттің құнына сәйкес академиялық қарыз кредиттерінің ақысын төлейді;

7) Академиялық қарызы бар және жазғы семестрде кредиттерге ақы төлеген, бірақ сол кредиттерді меңгермеген, сондай-ақ қорытынды білім бақылауынан өтпеген Білім алушыға төленген сома қайтарылмайды;

8) Білім алушыны оқу процесіне зиян келтірмей, ерікті түрде серіктес ЖЖОКБҰ-да тазалық пен тәртіпті сақтау, қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық келісімді тәрбиелеу, сондай-ақ серіктес ЖЖОКБҰ-ның имиджін арттыруға бағытталған қоғамдық және тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру;

9) Келесі жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзу, Жарғы мен ішкі тәртіп ережелерін бұзу, Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу, Осы Шарт талаптарын бұзу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда.

2.5. Білім алушы міндеттенеді:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына толық сәйкес келетін білім, білік және практикалық дағдыларды меңгеруге, оқу жылының соңында интегралды GPA-ға ие болуға, сондай-ақ барлық оқу, практикалық және зертханалық сабақ түрлеріне қатысуға;

2) егер Білім алушы сабақты амбулаторлық немесе стационарлық емделуіне, төтенше жағдайлардың (табиғи апаттар, апаттар және т.б.) орын алуына немесе басқа да құрметті себептерге байланысты босатқан жағдайда, өзі немесе туыстары бұл оқиға туралы «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-қа және/немесе серіктес ЖЖОКБҰ-ға кез келген қолжетімді тәсілмен (телефон, электрондық пошта, әлеуметтік желілер және т.б.) бір тәулік ішінде хабарлауға және осы жағдайды растайтын құжаттарды үш күн ішінде ұсынуға міндетті;

3) егер Білім алушы «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-та және/немесе серіктес ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыра алмауы себепті оқудан шығуды талап етсе, оқудан шығару күнінен кешіктірмей 3 күн бұрын тиісті өтінішті ұсынуға міндетті;

4) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын сақтауға және орындауға міндетті;

5) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ пен серіктес ЖЖОКБҰ-ның мүлкіне ұқыпты қарап, оны ұтымды пайдалануға, сондай-ақ жатақханада тұру және оқу үшін қалыпты жағдай жасауға белсенді қатысуға;

6) әскери есепке алу ережелерін сақтауға;

7) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ әкімшілігінің талап етуі бойынша осы Шарттың талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін және басқа да нормативтік құжаттарды сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктеме ұсынуға;

8) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның оқытушыларына, қызметкерлеріне және басқа білім алушыларына құрметпен және сыпайы қарауға міндетті.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 44-беті

9) отбасылық жағдайы мен байланыс деректері (тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық поштасы) өзгерген жағдайда, көрсетілген өзгерістер орын алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға;

10) педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау квотасы шеңберінде оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы тұлғалар «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-ты аяқтағаннан кейін оқу өткен өңірде кемінде үш жыл еңбек етуге міндетті;

11) осы Шарт негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беру қызметтерін алған Білім алушы Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл еңбек етуге міндетті;

12) осы Шарт негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беру қызметтерін алған Білім алушы «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-ты аяқтағаннан кейін мемлекеттік тапсырыс бойынша нақты оқыған уақытына пропорционалды түрде еңбек етеді, егер:

12.1) ақылы оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысқан жағдайда;

12.2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақылы оқуға ауысқан жағдайда;

12.3) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-тан оқудан шығарылып, сол оқу жылы немесе келесі оқу жылы ішінде қайта қалпына келтірілген жағдайда;

13) еңбек ету орнына оқуын аяқтаған жылы 1 қыркүйектен кешіктірмей келуге;

14) 5 қыркүйекке дейін білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген өкіліне (агентіне) келіп жеткені туралы, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нотариалды куәландырылған көшірмесін жолдау арқылы хабарлауға. Аталған құжаттың ұсынылмауы еңбек ету орнына келмегені ретінде қарастырылады;

15) есептік айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген өкіліне (агентіне) жұмысқа орналасу мен еңбек ету фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға;

16) егер бөлінген еңбек орны бойынша жұмысқа қабылдаудан бас тартылған жағдайда, жас мамандарды жеке бөлу жөніндегі Комиссияға қайта жұмысқа бөлу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге;

17) егер «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ жанындағы жас мамандарды жеке бөлу жөніндегі Комиссия тіркеу орны бойынша жұмыссыз ретінде есепке қою үшін жолдама берген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 14-бабына сәйкес тиісті халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелуге міндетті.

18) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (ЕХӘҚМ РК), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне (ӘМ РК), Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне (ЦДИАӨМ РК), білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген өкіліне (агентіне) Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес жеке деректерді жинау және өңдеуге келісім беру, келісімге Шарттың 1-қосымшасын қол қою арқылы;

19) отбасылық жағдайы мен байланыс деректері (тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта) өзгерген жағдайда, оқиғадан кейінгі 3 (үш) күн ішінде «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-қа, серіктес ЖЖОКБҰ-ға және білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген өкіліне (агентіне) хабарлауға;

20) техникалық құралдар мен жүйелік, бағдарламалық жабдықтамаларға (компьютер, ноутбук, интернет, веб-камера, микрофон, құлаққап, браузер бағдарламалық қамтамасыздандыруы) ие болу;

21) осы Шарт бойынша білім алу қызметтеріне кірмейтін (жол жүру, серіктес ЖЖОКБҰ жағындағы тұру, тамақтану) толық материалдық жауапкершілікті Білім алушы өз мойнына алады;

22) Білім алушы мыналарды толық орындауға міндетті:

22.1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық талаптарын;

22.2) халықаралық ISO 37001:2016 стандартының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері. Талаптар мен қолдану жөніндегі нұсқаулық» талаптарын;

22.3) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ішкі нормативтік құжаттарын;

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 45-беті

22.4) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын;

22.5) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның мүдделер қайшылығының шешілу ережелерін;

23) Міндеттерін орындау барысында Білім алушы мына әрекеттерге жол бермейтінін кепілдік береді:

23.1) сыбайлас жемқорлыққа әкелуі мүмкін іс-әрекеттерге қатысу және оларды қолдау, яғни тікелей немесе делдалдар арқылы заңға қайшы түрде қаржылық немесе қаржылық емес пайда ұсыну, уәде беру, алу, сұрау немесе басқа да қандай да бір нұқсан келтіру — бұл әрекеттер «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі шеңберінде тыйым салынған;

23.2) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ-ның мүдделер қайшылығының шешілу ережелерін бұзу, яғни өз мүддесін, сондай-ақ «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ қызметкерлерінің жеке мүдделерімен қайшылыққа келтіру, мұндай қайшылық олардың лауазымдық міндеттерін орындауына немесе сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғуы ықтимал;

24) Білім алушы немесе Тапсырыс беруші және олардың өкілдері «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ мен серіктес ЖЖОКБҰ-ны сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың бұзылуы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері немесе оқиғалары туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің қызметі саласында орын алған ұқсас жағдайлар туралы ақпаратпен міндетті түрде хабардар етуге міндетті.

2.6. Білім алушыға берілетін құқықтар:

1) мемлекеттік стандарттан тыс қосымша білім беру қызметтерін ақылы түрде алу; төлем ай сайын жасалады, төлем жасауға негіз болатын орынды себептер болған жағдайда ғана, әрі келесі айға ағымдағы айда 100% алдын ала төлем жасалған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Егер төлем жасалмаса, күндізгі оқу формасындағы Білім алушы сессияға жіберілмейді және «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ-тан шығарылып жіберілуі мүмкін;

2) кітапхана мен оқу залдарындағы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізу және пайдалану;

3) студенттік өзін-өзі басқару органдарында қатысу;

4) «Дауыс беру және қалпына келтіру ережелері» бойынша білім беру ұйымына қайта қабылдану;

5) білім беру ұйымының шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары және жеделдетілген бағдарламалар бойынша оқу, жоғарыда аталған мүмкіндіктер қосымша келісім арқылы осы Шартқа бекітіледі.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім беру қызметтерін көрсету мәселелері бойынша осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін, Білім алушы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған азаматтарды жұмысқа жолдау, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, еңбек өтілінен босату немесе оны тоқтату қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің оқуына байланысты шығындарды республикалық бюджетке өтеуге міндетті.

3.2. Сабақтарға қатыспау және академиялық қарыздың болуы, сондай-ақ Білім алушының тәртіптік теріс қылықтар жасауы, құқық бұзушылық немесе қылмыс жасауы – Білім алушымен жасалған осы Шартты біржақты тәртіппен бұзып, оны оқу үдерісінен шеттетуге негіз болып табылады.

3.3. Егер Білім алушы алдағы оқу кезеңдері үшін алдын ала төлем жүргізген жағдайда, Шарт бұзылған кезде, «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ оқу кезеңінің нақты өткен бөлігіне

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 46-беті

жұмсалған шығындарды шегере отырып, ректордың екіжақты бұйрығы негізінде қалған соманы Білім алушыға қайтаруға міндетті.

3.4. Білім алушының сабақтарға қатыспауы оқу ақысы төленген қаражатты қайтаруға негіз болып табылмайды.

3.5. Осы Шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

4.1. Осы Шартты орындау барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар Тараптармен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

4.2. Келіссөздер арқылы шешілмеген және өзара тиімді шешімдерге қол жеткізілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. БАСҚА ШАРТТАР

5.1. Білім алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда, мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқуға құқық сақталады және оның оқуына бөлінген қаржыландыру тоқтатылады (грант иегерлеріне медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыс кезінде белгіленген тәртіппен төленетін стипендия шығындарын қаржыландырудан басқа). Академиялық демалыс мерзімі аяқталғаннан кейін қаржыландыру қайта жалғасады.

5.2. Білім алушыға келесі жағдайларда басқа білім беру ұйымдарында оқуды қаржыландыруды жалғастыруына кепілдік беріледі:

1) ол оқыған (оқып жатқан) білім беру ұйымы таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда;

2) ол оқыған (оқып жатқан) білім беру ұйымының лицензиясы қайтарылған немесе лицензиясының қолданылуы тоқтатылған жағдайда.

5.3. Белгіленген ауысу балын жинап, келесі курсқа ауысқан Білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда да білім беру гранты бойынша оқудан айырылмайды. Бұл жағдайда академиялық қарыз Білім алушы тарапынан ақылы негізде жойылады.

5.4. Қайта оқу курсына жіберілген Білім алушы білім беру грантынан айырылады және әрі қарай ақылы негізде білім алады.

5.5. Білім алушының осы шартта көрсетілген жұмыс істеу немесе жұмыс істемеген жағдайда бюджет қаражатын өтеу міндеттемесін орындауын мониторингтеу және бақылау жөніндегі міндет уәкілетті органның сенім білдірілген өкіліне (агентіне) жүктеледі.

5.6. Білім алушы бүкіл оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредит меңгеруі тиіс.

Алдыңғы білім беру деңгейінің оқу нәтижелері сәйкес келмеген жағдайда, меңгерілмеген академиялық кредиттердің саны салыстырмалы ведомостьте көрсетіледі.

5.7. «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ пен серіктес ЖЖОКБҰ оқу ақысына қатысты жеке жеңілдіктерді қолдануға құқылы.

5.8. Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру немесе осы шартты бұзу жағдайларында, әрі қарай Білім алушы ретінде қайта қабылданған кезде оқу ақысы қайта қабылдау сәтінде қолданыстағы мөлшер мен шарттар бойынша жүргізіледі.

5.9. Басқа білім беру ұйымынан ауысып келген Білім алушы оқу төлемін «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ және серіктес ЖЖОКБҰ басқарма төрағасы-ректорының сабаққа жіберу туралы бұйрығы шыққаннан кейін белгіленген мерзімде жүргізеді.

5.10. Білім алушы оқуын өз еркімен тоқтатқан жағдайда, осы Шарт оны оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап бұзылған болып есептеледі. Алайда, оқудан шығару туралы бұйрық шыққанға дейінгі кезеңде Білім алушының оқу ақысына қатысты шарттық міндеттемелері сақталады.

5.11. Қайта оқуға қалған жағдайда, Білім алушы меңгерілмеген кредиттердің құнын «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ бекіткен калькуляцияға сәйкес төлейді.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 47-беті

5.12. Осы Шарт аясында серіктес ЖЖОКБҰ-на көрсетілген білім беру қызметтері үшін ақы төлеу екі тарап қол қойған атқарылған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура негізінде жүзеге асырылады. Төлем жоғарыда аталған құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

5.13. Академиялық ұтқырлық Бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ШАРТ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Осы Шарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін қолданыста болады. Жаңа шарт жасалған жағдайда, сол шарттың жасалу сәтіндегі талаптар қолданылады.

6.2. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6.3. Тараптар арасындағы шарттық қатынастардың тоқтатылу сәті – білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрығының шығарылған күні болып табылады.

Тараптардың заңды мекенжайы және банк деректемелері:

Университет: «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ»КЕАҚ, 070010, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19, ББН 010440002379 Кбе 16 ЖБК KZ309650000000280961 «ForteBank АҚ, Өскемен қ., ББК IRTYKZKA Қолтаңба (м.о.)	Серіктес ЖЖОКБҰ атауы: (атауы немесе аты-жөні) СТН: ББН: Есеп айырысу шоты (бар болса): Орналасқан мекен жайы: _____ Қолтаңба: _____ (м.о.)	Білім алушы: _____ (аты-жөні) Туған жылы ____ Мекенжайының адресі _____ тел. _____ жеке куәлігі ____ ЖСН _____ _____ берілді _ Қолы _____
--	---	--

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 48-беті

« ____ » _____ 20 ____ ж. №

Білім беру қызметтерін көрсету
шартына 1-қосымша

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге КЕЛІСІМ

Мен, _____,
толық аты-жөні

ЖСН _____, « ____ » _____ ж. _____ берген жеке куәлік
№ _____, _____

_____ ,
мекенжайы бойынша тіркелген дербес деректер субъектісі (бұдан әрі – субъект) болып табыла
отырып, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-
бабына сәйкес:

жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне, міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру жүйесіне және әлеуметтік-еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық
жүйеге қатысушылардың дерекқорының меншік иесі болып табылатын Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (ҚР ЕХӘҚМ),

ақпаратты автоматтандырылған жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында
жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің
ұлттық тізілімін құруға арналған «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорының (ЖТ МДҚ) меншік
иесі болып табылатын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің (ҚР ӘМ),

«Мобильді азаматтар базасы» сервисінің (МAB) – Қазақстан Республикасының «электрондық
үкіметі» азаматтарының мобильдік деректер базасының меншік иесі болып табылатын Қазақстан
Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (ҚР
ЦДИАӨМ)

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 17-тармағында көрсетілген
тұлғалардың жұмыспен өтеу немесе жұмыспен өтемеген жағдайда бюджет қаражатының
шығыстарын өтеу жөніндегі өз міндеттерін сақтауына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз ету
мақсатында алынған дербес деректерді жинау және өңдеу үшін үшінші тұлғаға – білім беру
саласындағы уәкілетті органның операторы болып табылатын «Қаржы орталығы» акционерлік
қоғамына (БСН 050740000618) беруіне өз келісімімді беремін.

Субъект беруге, жинауға және өңдеуге келісетін. субъектімен байланысты жиналатын
деректердің тізбесі:

ҚР ЕХӘҚМ: міндетті зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік
медициналық сақтандыру қорына аударымдар мен жарналар туралы мәліметтер және жұмыс
берушілермен жасалған еңбек шарттарының болуы туралы ақпарат;

ҚР ӘМ:

1-топ. Негізгі мәліметтер: ЖСН, толық аты-жөні, туған күні, жынысы, қайтыс болған күні,
азаматтығы, ұлты, туған жері, тіркелген жері, жеке тұлғаның өмірлік мәртебесі, жеке басын
куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

2-топ. ЖСН-ды алып тастау, шартты түрде алып тастау туралы мәліметтер;

3-топ. Туу және қайтыс болу туралы куәліктер жөніндегі мәліметтер;

4-топ. Әрекет қабілеттілігі туралы мәліметтер;

5-топ. Хабар-ошарсыз кеткендер туралы мәліметтер;

6-топ. Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазаны өтеуден жасырынып жүргендер туралы
мәліметтер.

ҚР ЦДИАӨМ: МАБ-да тіркелген ұялы телефон нөмірі.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісімді қолдану кезеңі – 5 жыл.

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 49-беті

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының «Дербес деректерді субъектісінің келісімінсіз жинау, өңдеу» деп аталатын 9-бабында көзделген негіздемелерді қоспағанда, субъект дербес деректерді трансшекаралық беруге, дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуға, сондай-ақ жиналған дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісім бермейді.

Осы келісімді бере отырып, субъектінің мәжбүрлеусіз, өз еркімен және өз мүддесі үшін әрекет ететінін растаймын.

Субъект

толық аты-жөні

Кәмелетке толмаған субъектінің өкілі

толық аты-жөні

мекенжайы

жеке куәліктің деректері, сенімхаттың № және күні

сенімхаттың № және күні

Күні «_____» _____ 20__ ж. _____

ҚОЛЫ

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 50-беті

3-қосымша

SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), ІВ (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған SAT (ЭсЭйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификатының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінде жинаған балды "оқу сауаттылығы" және "математикалық сауаттылық" пәндері бойынша ҰБТ сертификаты балдарына ауыстыруға болады (1-кесте).

Кесте 1. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1 050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1 150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1 250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) ең төменгі балы 1600-ден 950 балдан кем болмауы тиіс. SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінің балдары жеткіліксіз болса, SAT балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылмайды.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәнінен ҰБТ тапсырған және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) пәндерінің ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне сәйкес келген жағдайда ауыстырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттарының мерзімі берілген күнінен бес жылдан аспауы керек.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) бөлімдері бойынша балдар SAT Reasoning (Кесте 1) және SAT subject (Кесте 2) ауыстыру шкаласына сәйкес ҰБТ балдарына ауыстырылады.

Кесте 2. Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 51-беті

SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
SAT subject (ЭсЭйТи саб-джект)	кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10 нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 44
		2 бейіндік пән	50-ден 44
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 46
		2 бейіндік пән	50-ден 46
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 48
		2 бейіндік пән	50-ден 48
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 50
		2 бейіндік пән	50-ден 50

Ескерту: SAT subject балын ҰБТ дағы бейіндік пәндердің балына ауыстыру SAT subject иегерінің еркімен және балы 800-ден бастап ең төменгі 625 балдан кем болмаған жағдайда жүзеге ауыстырылады. SAT reasoning, SAT subject бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. SAT сертификатының иегері SAT subject бөлімінің балын ескермей, ҰБТ-ның бейіндік пәндерін тапсыруына болады.

*ҰБТ-ның бейіндік пәндері ретінде "Ағылшын тілі – Дүниежүзі тарихы" таңдаған және "World History" пәнін тапсырған SAT Subject иегерлерінің ағылшын тілінен International English Language Tests System (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшада белгіленген шкалаға сәйкес міндетті түрде сертификаты болуы тиіс.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

АСТ (ЭйСйТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру "Қазақстан тарихы" пәні бойынша қазақ немесе орыс тілінде ҰБТ тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

ҰБТ балдарына ауыстыру үшін АСТ (ЭйСйТи) сертификатының мерзімі берілген күнінен үш жылдан аспауы керек.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесттің English, Mathematics, Reading бөлімдері бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның "оқу сауаттылығы" мен "математикалық сауаттылық" пәндеріне, Science бөлімі бойынша жинаған балдарды ҰБТ-ның бейіндік пәндеріне белгіленген шкаласына сәйкес ауыстырылады (Кесте 3).

3-кесте. Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі «ШҚТУ» КЕАҚ Е	75 беттің 52-беті

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесті		ҰБТ	
Тест бөлімі	Балдар	Тест бөлімі	Балдар
English	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 7
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
English	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
English	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
English	әр бөлім бойынша кемінде 26 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 19 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 44 50-ден 44
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 21 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 46 50-ден 46
